

Абдрахимова Г.Б.¹, Сағындықұлы Б.²,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
¹2-курс магистранты, ²профессоры, ф. ф. д.,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sezim00@list.ru

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИСЛАМИ ҰҒЫМ-ТҮСІНІКТЕР

Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы діни ұғымдар мен атаулардың сипатын ашып, олардың мағыналық түсініктері анықталады. Мақалада шығармалардағы ислами ұғым-түсініктерімен қатар фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері мен өзгешеліктері айқындалады. Сондай-ақ, XX ғасырдың басындағы қазақ әдеби тілінің жазба дәстүрде орнығуы мен қалыптасуына Шәкәрім Құдайбердіұлының қосқан шығармашылық үлесі түсіндіріледі. Мақалада Ш. Құдайбердіұлы шығармаларындағы діни ұғымдардың терминдік сипаты көрініп, жалпыхалықтық діни атаулар және әдеби тілде сирек ұшырасатын діни атаулар негізінде салыстырмалы түрде ашылады. Жалпы тіліміздегі сөздердің тұтас жиынтығы тілдің сөздік құрамы екені белгілі. Яғни жалпыхалыққа белгілі әрі түсінікті діни ұғымдар сөздік құрамдағы сөздердің қолдану жиілігіне қарай актив және пассив сөздер деп бөлуге болады. Актив сөздердің белгілі бір тілде сөйлейтін адамдар тек түсініп қана қоймай, өзінің сөйлеген сөзінде жиі қолданылатын сөздер, ал пассив сөздер түсінікті болғанымен, тілде онша қолданыла бермейтін сөздер екені ашық айқындалады.

Түйін сөздер: діни ұғымдар, кірме сөздер, Шәкәрім Құдайбердіұлы, фонетикалық ерекшеліктер, морфологиялық ерекшеліктер.

Abdrakhimova G.B.¹, Sagyndykuly B.²,

¹graduate student, ²Doctor of Science, Professor
of Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail:sezim00@list.ru

Religious concepts in the works of Shakarim

The article defines the meaning of religious concepts and names in the works of Shakarim Kudaiberdiev and their significant meaning. The article defines the features and features of the phonetic, morphological features along with Islamic concepts in the works. This also explains the creative contribution of Shakarim Kudaiberdiev to the formation and formation of the Kazakh literary language at the beginning of the 20th century in the written tradition. The article describes the terminological nature of religious concepts in the works of Sh. Kudaiberdiev and is relatively revealed on the basis of common religious names and religious names, rarely found in literary language. As you know, the whole set of words in a common language is a language dictionary. That is, social and popular religious concepts can be divided into active and passive words, depending on the frequency of use of words in a dictionary. Active words are not only understood by people who speak a certain language, but also clearly defined in their speech, whereas passive words are clear, but not used in a language.

Key words: Religious concepts, borrowed words, Shakarim Kudaiberdiev, morphological features, phonetic features.

Абдрахимова Г.Б.¹, Сағындықұлы Б.²,

¹магистрант 2 курса, ²д. ф. н. профессор
Казахского национального университета имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: sezim00@list.ru

Религиозные понятия в произведениях Шакарима

Статья определяет значение религиозных концепций и имен в работах Шакарима Кудайбердиева и их значимый смысл. В статье определены фонетические, морфологические особенности наряду с исламскими концепциями в произведениях. Это также объясняет творческий вклад Шакарима Кудайбердиева в формирование казахского литературного языка в начале XX века в письменной традиции. В статье описывается терминологическая природа религиозных концепций в произведениях Ш. Кудайбердиева и сравнительно раскрывается на основе общих религиозных имен, редко встречающихся в литературном языке. Как вы знаете, весь набор слов на общем языке – это словарь языка. То есть общественные и популярные религиозные концепции можно разделить на активные и пассивные слова, в зависимости от частоты использования слов в словаре. Активные слова не только понимаются людьми, говорящими на определенном языке, но также четко определены в их речи, тогда как пассивные слова ясны, но не используются в языке.

Ключевые слова: религиозные понятия, заимствованные слова, Шакарим Кудайбердиев, морфологические особенности, фонетические особенности.

Кіріспе

«Ұлттың ұлылығын қалыптастыратын екі негізгі арна бар. Оның бірі – дін болса, екіншісі – тіл. Дін – өркениеттің негізі болса, тіл сол ұлттық мәдениеттің өзегін құрайды. Осы екі арнаның бірі суалатын болса, ұлттық болмыстық тіршілігі тоқталады...» (Ш. Құдайбердіұлы, 1993:79-80). Осы екі арна арасындағы ажырамас бірліктің айнасы – Ш. Құдайбердіұлы шығармалары.

Шәкәрім адам ретінде өз жаратылыс жұмбағына жауап іздесе, ақын ретінде поэзияда, лирикада шұрайлы тілмен пәлсапалық ой жүйесін түзеді.

Қазақ халқының сөз өнерін ерекше бағалағандығы, сөзге ерекше жүк, жауапкершілік артқандығы халқымыздың тарихынан белгілі. Оған әрбір атадан қалған асыл сөз куә: «Өнер алды – қызыл тіл», «Екі елі ауызға төрт елі қақпақ», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», т.б. Демек, шын мәніндегі сөз Асан қайғы айтқандай «таза мінсіз» болуы шарт. Ол үшін ол тереңнен, шерден, сана мен сезімнің қазанында қайнап барып шығуы қажет. Ш. Құдайбердіұлы шығармаларының сөзі тап осындай толғаныстан тумаған деп кім айта алар?!

«Шәкәрім өзінің айналасындағыларды сырттай ғана саралап, салғырт жырлаушы болып қалған жоқ, бар нәрсенің қай-қайсысына да терең мән беріп, жақсылығына қуанып, кемшілікке егіле зер салды. Осыдан келіп оның ақындық бітімі, азаматтық үні қалыптасты...» (Б. Әбдіғазыұлы, 2000:215-216).

Мұқағали ақын: «Қазіргі нағыз ақын алдымен ойшыл, яғни философия болуы қажет. Поэзияның жалаң сұлулығы жалаңаш сұлуға ұқсайды. Оған тек таңдана қарауға ғана болады. Ақынның міндеті суреттеп беру, баяндап шығу емес, қайта сол сұлулықтың құпиясын, оның аржағындағы нақ сол жасырынды ашып беруде...» (М. Шаханов, 2003:750-751) Шәкәрім шығармалары сондай «жалаң сұлулықтан» ада парасатты пайым мен терең толғаныстың жемісі. Онда озық ой мен сындарлы сурет, әуез, образ, нәзік сезім бірге өрілген. Ұлттық үнмен қуатты жырлар төгілген. Өлемес өнер өшпес тақырыпты сөз етері хақ.

Қазақ тілі мен әдебиетіне, мәдениеті мен өнеріне, ұлттық ойлау жүйесі мен парасат әлеміне Шәкәрім Құдайбердіұлының қосқан елеулі үлес кеңестік дәуірінде тарихи санадан аластатылды. Сондықтан халқымыздың қоғамдық өміріндегі Шәкәрім шығармашылығының жеткен деңгейі мүлдем ғылыми айналыстан шығарылуы рухани вакуумға айналып, табиғи дамудың сабақтастығына зор нұқсан келтірді. Еліміздің егемендікке жетіп, өз билігі өзіне тиюі – рухани мұрасын түгендеп, ұлттық дүниетанымына қайта үңілуіне, осыған орай ақындар шығармашылығының тілдік ерекшелігін ғылыми зерделеу қажеттігі туындайды. Бұл ретте ұлы ақын, үлкен ойшыл, ағартушы-ғалымның діни-теологиялық, қоғамдық-философиялық тақырыпқа жиі қалам тербеуі, соған сәйкес аталған салада соны ұғымды бейнелейтін лексикалық топтың қалыптасуына ықпал етті. Ал бұл атаулар өз кезіндегі қазақ әдеби тілінің

қанатын жайып, өсіп-өркендеуінің бір арнасы – лексикология екені аян. Сондықтан ақындар шығармашылығының тілдік ерекшелігін зерттеу – қазақ әдеби тілінің нормалануы мен ғылыми атаулардың жүйеленуі және қалыптасуына қосқан оның сүбелі үлесін жан-жақты тани түсуге жол ашып, терминтаным саласындағы рөлін айқындауға көмектеседі.

«Шәкәрім шығармаларындағы ислами ұғым-түсініктер» тақырыбы осы айтылған мәселелерге арналып, Шәкәрім шығармаларындағы жазба дәстүрдің бұқаралық сипат алуымен қатар уақыттың сұранысынан туып, әлеуметтің қажетін өтеген танымдық еңбектерінің тілдік тұрғыдан алғаш талданып, саралануының ғылым үшін мән-маңызы өте зор. Сол арқылы бұған дейін қазақ тіл білімі ғылымы саласындағы қалыптасқан теориялық тұжырымдар мен қағидаларға, көзқарастар мен үрдістерге жаңаша үңіліп, тың өзгерістер енгізуге, өзіне тән ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Эксперимент

Шәкәрім шығармаларындағы ислами ұғым-түсініктер мен атауларды жалпыхалықтық діни атаулар және әдеби тілде сирек кездесетін діни атаулар деп эксперимент жасау негізінде жүзеге асырылады.

Эксперимент жүргізілген уақыт: 2017-2018 жылдар аралығы.

Эксперимент материалдары – Ш. Құдайбердіұлының діни шығармалары.

Эксперимент мақсаты – Ш. Құдайбердіұлы шығармаларындағы ислами ұғымдар мен атаулардың сипатын ашып, олардың мағыналық түсініктерін анықтау, фонетикалық, морфологиялық және семантикалық ерекшеліктерін айқындау.

Осы мақсаттарға сай төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

1) Қазақ әдеби тілінің жазба дәстүрде орнығуы мен қалыптасуына XIX ғасырдың бас кезіндегі ақындар қосқан шығармашылық үлесі;

2) XIX ғасырдың бас кезіндегі ақындар шығармаларындағы сопылық терминдерге түсінік беру;

3) Діни ұғымдар мен сопылық терминдердің сипатын ашу;

Эксперимент нысаны – XIX ғасырдың бас кезіндегі ақындар шығармаларындағы қазақ әдеби тілінің құрамдас бір бөлігі рухани-діни ұғым-түсініктерді білдіретін лексиканы саралап, семантикалық мағыналық реңктерін талдау, жүйелеп, зерттеу мәселелері жатады.

Эксперимент әдісі – Жұмыс барысында тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы әдіс, сипаттама әдісі, жинақтау әдісі қолданылды. Жасалған тұжырымдар теориялық жағынан негізделіп, нақты мысалдармен дәйектелді.

Бай да маңызды мұра қалдырған, өзіндік творчестволық жолы сайрап жатқан сирек кездесер таланттың бірі – Шәкәрім шығармаларының лексикалық сипаты жайлы сөз болса, оның шығармаларындағы сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастырған жөн болады. Шәкәрім шығармаларының лексикасы қазақтың төл сөздері және кірме сөздер қабатынан тұрады. Ақынның поэзиялық шығармалары лексикасындағы кірмесөздерге келсек, оларды араб-парсы тілдерінен және орыс тілінен енген сөздер деп қарастыруымызға болады.

Шәкәрім – діни өлеңдер жазудың үлкен шебері екендігі баршамызға мәлім. Шәкәрім шығармаларындағы діни сөздерді мағынасына қарай үш топқа бөліп қараған дұрыс, – дейді Б. Момынова. Оның біріншісі – дінге байланысты ұғым атаулары, дінді уағыздаушы, халыққа жеткізушілер мен пайғамбар, сахабалардың аты, екіншісі – діни іс-шараларды жүзеге асыратын орын атаулары және үшіншісі – діни іс-шаралар мен дінге байланысты орындалатын ғұрып, рәсім атаулары.

Бірінші топқа *дін, Құран, діншіл, иман, иманды, молда, Алла, Құдай, Жар, пайғамбар, әулие, сопы*, т.б. сөздер жатады. *Дін* – Шәкәрім тіліндегі ең жиі қолданылған сөз, белгілі бір идеологияның жалпы атауы. Шәкәрімнің діни екі түрлі: бірі – *таза дін* (таза ақылмен тапқан таза дін), мысалы: *Таза діннің* шын негізін, Ұстаған бір бенде жоқ, екіншісі – *нашар*, Шәкәрім тілімен айтқанда *бо-яулы дін, шатақ дін, шын дін* емес. Сондықтан Шәкәрім: *Дін* шатағын сынға сал немесе *Дін* десе тұра қашты есті азамат (А. Маралбек, 2000:321), – дейді.

Діни оқуға байланысты атаулар: *тәпсір, Құдай, иман, пайғамбар, молда, молдеке, сопы, бейіс, әулие. Тәпсір* – Шәкәрім араб тілінен енген осы сөздің қазақ тілінің дыбысталуына жақындатылған вариантын қолданады, мағынсы «Құрандағы ұғымдар мен ондағы ескірген сөздердің мағынасын түсіндіретін анықтама, түсініктеме». *Тәпсірден* туындаған *тәпсірші, тәпсірлеу* сөздерін бірнеше жерде қолданған. *Тәпсірші* дегеніміз Құран мағыналарын түсініктеме жасайтын ғалым. Ал *тәпсірлеу* – құран мазмұнын жан-жақты саралап, түсіндіру. Мысалы: *Тәпсір* деп қасиетін талқан қылып, Бұзғанмен Құран болмас адасқан

хат; Бар обалы олардың *tәncіршiде*, Адаcып нұрлы аятқа жағыпты тат; Мысалмен айтқан кеңес қой, *Tәncірлеуге* миың тар. Шәкәрімнің шығармаларында қолданылған араб-парсы сөздерінің тағы бір тобы – діни емес сөздер. Мысалы: *Әлем* – Жан де мейілің, бір мән де Сол қуатпен бол таныс, *Әлемді* сол мән жаратқан; *Фибрат* – Жаралыстан *ғибрат* алсаң, Болар едің ойқұмар; *Махаббат* – Өнерпаз, білімді елдің мінезі осы – Аяу, жәрдем, *махаббат* қалмаған ба?; *Табиғат* – *Табиғат* неше түрлі жан жаратты, Не үлкен, не кішкентай тән жаратты; *Дария* – Қаңсыған шөл даланы қанықтырып, Жыр тасып, *дариядай* құйып жатсын; *Нәресте* – Та-залап жүрек ындызын, *Нәрестедей* жас едім; *Кітап* – Алғызып *кітап*шеттен де, Көңілге біраз тоқыдым; *Мейірім* – Адал еңбек, ақ пейіл, *мейірім*жоқ – Осы болар таза ақыл өлді демек; *Дос* – Бұл туралы менде бір бөтен ой бар, Анық ұқсаң, айтайын, *достым*, саған; *Адам* – *Адамнан* артық жәндік жаралмаған, Дейді жұрт: «Айуан жоқ иттен жаман»; *Рахат* – Зауалсыз бір *рахат* барын, Мысалдаған бұ бір сарын; *Ғылым* – Үйренсе *ғылым* менен сан өнерін, Білер еді-ау өнердің не берерін.

Нәтиже мен талқы

Шәкәрім шығармаларындағы жалпы халыққа түсінікті діни ұғымдарға талдау жасасақ.

Тіліміздегі сөздердің тұтас жиынтығы тілдің сөздік құрамы деп аталады. Сөздік құрам белгілі бір халықтың тұрмыс жағдайын, күн-көріс, тіршілігін, кәсібін түгел қамтып көрсетеді. Белгілі бір халықтың қоғамдық, шаруашылық, мәдени тұрмысы неғұрлым күрделі болса, соғұрлым тілдің сөздік құрамы да бай болады деген сөз. Бірақ, кез-келген адам осы сөздік құрамдағы сөздерді түгел біледі деп айту қиын. Демек, сөздік құрамдағы сөздерді қолдану жиілігіне қарай актив және пассив сөздер деп бөлуге болады.

Актив сөздерге осы тілде сөйлейтін адамдар тек түсініп қана қоймай, өзінің сөйлеген сөзінде жиі қолдана білетін сөздер жатады.

Пассив сөздерге түсінуін түсінгенімен, онша қолданыла бермейтін сөздер жатады. Яғни, көнерген сөздер, тарихи сөздер, кітаби лексика, сонымен қатар терминдер.

Әр ғылымының, әрбір пәннің өзіне тән терминологиясы болатыны сөзсіз. Діни терминдер дегеніміз – дінге тән дербес ұғымды білдіретін сөздер. Бала күнінен бес уақыт намазға жығылып, «Алланы бір, пайғамбарды хақ, құран-

ды шын» деп өскен Шәкәрім бабамыздың шығармаларында мұндай ұғымдар барынша мол әрі ұтымды қолданылған. Енді солардың бірқыдыруының астарына үңіліп көрелік.

«... Құранда **дін** термині түрлі мағынада жүзден аса қолданылады. Ол «сот», «тиісінше бағалау», «Ақырет күні» деген сөз айшығы, ұғымында жеке адамның «сенімін», «дінін» және діни қауым өмірінің негізі болып табылатыны салт жораның жүйесі ретіндегі діннің мағынасын білдіруі мүмкін» (Т. Барласұлы, 2000:4-5), – деген топшылау бар Ислам энциклопедиясында. Ал, Л.З. Рүстемов сөздігі бойынша дін – «өлемді билеуші ерекше күштер. Құдай бар деген сенімге негізделген дүниетаным» (С. Көкенай, Б. Сыдықов, 2015:60-61). Ал, Шәкәрім шығармаларындағы осы ислами ұғым-түсініктердің орны қандай?

Шәкәрім жаңа идеяның бағытын мұнан да анық түсінді. Біріншіден, ислам дініне тереңдей түскен ойшыл сахарада таралып кеткен мұсылмандық кітаптардың тілі жайында ойланды. Олардың барлығы дерлік түпнұсқа араб тілінде немесе түркі тіліндегі аударма түрінде басылып шығатын да, қазақтарға түсініксіз болатын. Тек соңғы кездері ғана татар тіліндегі кітаптар көріне бастады (Рүстемов, 1982: 160-161).

Қадалып істелген жұмыстың нәтижесі «Мұсылмандық шарты» атты трактат болды. Бұл еңбегінің бірінші нұсқасын бірнеше айда ғана жазып 1900 жылдың көктеміне қарай бітірді. Мәтінге Меккеге қажылыққа барып қайтқан соң қайта оралып түзетіп, қосып, өзгерістер енгізді. Бүгінгі күнгі қалпындағы «Мұсылмандық шарты» 1911 жылы Орынборда басылып шықты. Кейіннен Шәкәрім ұлы Ақатқа бұл кітабы жайында: «*Мұны надан, білімнен хабарым жоқ кезімде, басқа жұртта «Ғибадат исламия» деген кітап бар, олар араб нетүрік тілінде жазылады, қазақ тілінде жоқ деп, соларға еліктеп жаздым, оны мансұқ еттім*», – дейді (Ш. Құдайбердіұлы, 1993: 55-60).

«Мұсылмандық шарты» – қазірге шейін исламды үйренушілермен неофиттер өте қадір тұтатын, ойы мөлдір, анық кітап. Кітап қазақтар үшін жеңіл және түсінікті, автордың мұсылмандық ережелерді дәстүрлі қазақ дүниетанымы тұрғысынан қарастырғаны кәдеге әбден жарап тұр. Мұндай еркін ойлау тәсілі исламды бұлжытпаймын дегендерге ұнамауы да мүмкін, өйткені Құранды өз бетінше түсіндіру діннің асыл нұсқасында рұқсат етілмейді. Алайда Шәкәрім, басқа да рухани өмірді жаңғыр-

тушылар сияқты, қазақ дүниетүсінігінде исламның орнығуына жәрдемдесу үшін шарттарды қайта ойластыруға белдерін бекем бұды.

Шәкәрім шығармаларында кездесетін діни ұғымдардың бірі – **иман**. Талдауға салу үшін Шәкәрім Қасиетті кітаптан өзінің идеяларына орайласатын мысалдарды, ғибратты әңгімелерді, Мұхамбет пайғамбар айтқан өсиеттерді таңдады. Бәрінен бұрын иманның анықтамасы – Құдіретті және жалғыз Аллаға шын сенуді қайталады [9]. Жаратушы туралы, жақсылық пен жамандық, әулиелер мен періштелер, Қиямет қайым күніне және ақыретте тірілу туралы, намаз бен діни ғұрыптардың мағынасы жайында сенім шарттарын санамалап тізіп шықты. Табиғат құпияларын танып-білудің, әділеттілікке сенудің, жан тазалығының, достармен, отбасымен мейірімді қарым-қатынастар орнатудың пайдасы туралы мол дәлелдер мен уәждер келтірді. Бұған ақиқатқа қарай ұмтылу қажеттігін, ол жайында білетіндігіміздің соншалықты аз екенін қосты. «Егер адам өзін-өзі таныса, онда Құдайды да таниды» – деп жазады Шәкәрім.

Шәкәрімдегі «дін – жүрек тазалығы. Жүрексіз адам жоқ, ол бәрінде де бар. Бірақ таза жүрек, таза ақылмен амал қалған адамда ғана болады. Шәкәрім атамыздың күйінетіні де сол:

Таза ақылмен таппаған дін,
Шын дін емес, жындылық.
Қармалаған бір соқырсың,
Байланған ой, көз, құлақ
(Ш. Құдайбердіұлы, 1988:560-561).

Шәкәрім атамыздың «байланған ой, көз, құлақ» дегені Алла Тағаланың жүрек көзінің соқырлығы туралы аяттары. Құран Кәрімде адамдардың көздері көргенімен көкіректеріндегі жүрек көздері соқыр, сондықтан ешнәрсе ұқпайтындығы айтылған (Ш. Құдайбердіұлы, 1988:149-151).

Діндегі амалға келетін болсақ, оның мақсаты жүректі кірлетпсіз тазаұстаумен айналадағыларға тек жақсылық жасау. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с. ғ. с) хадисінде бір-ак сөзбен «Ислам дегеніміз – шынайылық» дейді. Ал Шәкәрім атамыз оны былай аша түседі:

Анық асық әулне,
Кереметке сол ие,
Жаны құрбан жарына,
Керексіз оған дүние
Шын қасиет соларда
Дегенім күнә болар ма?

Құбылма мінез, тайғақ ой,
Екі сөз болмас оларда»
(Ш. Құдайбердіұлы, 1988:143-145).

Осындай таза жүрек, көркем мінездің иесі Шәкәрім шығармаларында «мұсылман» ұғымын білдіреді.

Автор тұрмыстағы шарият ережелерін егжей-тегжейлеп мал бауыздамақ, жер мен суға иелік, несие беру, кепілдік беру менөзара есептесу жайын түсіндіріп берді. Қылмыс пен көп әйел алуғаерекше тоқталды, өйткені жесір дауы мен құн төлеуге байланыстыдаулар ол кезде жиі болатын. Қасиетті Құраннан әмеңгердіңжесірді зорлап өзіне әйелдікке алуына болмайтыны туралы үзінді келтіреді. Құранда төрт әйелге дейін алуға болады деп айтылсада, оның аяттарының мазмұны әйелдерге әділеттілікпен қарау керектігін білдіреді. «Әлбетте, біздің қазақта екі қатынға әділетаз. – дейді Шәкәрім. – Сол себептен қазақ гұзырсыз екі қатыналмаса жарайды». Бұл – өмірде көргені көп, соның ішінде кейбір ағайындас бауырларының жауапсыздығына куә болған адамның пікірі (Ш. Құдайбердіұлы, 1988:560).

Сонымен, Шәкәрім шығармаларында кездесетін діни атауларды біз атап көрсеткендерден басқа төмендегіше көрсетуге болады. Бұлар қарапайым халыққа, дінді жете зерттемеген адамдардың барлығына ортақ, түсінікті ұғымдар болып табылады.

Шәкәрім шығармаларындағы әдеби тілде сирек ұшырасатын ислами ұғымдар мен атаулар идеалистік дүниетанымның көрінісі болып табылады. Араб тіліндегі «*фиқһ*» сөзі сөздікте «бір нәрсенітолық түсіну, толық игеру» деген мағыналарды білдіреді. Яғни бұл сөз ғылым, түсіну сөздерінен де тереңмағынаны қамтиды. Сонымен бірге бір кісінің айтқансөзінің мақсатын түсіне білуді де «*фиқһ*» деп атайды. Бір мәселені толық меңгерген, өте зерек, ой-өрісі кең кісіні «*фақиһ*» деп атайды. *Фикһ* сөзі Құран Кәрімде жиырма жерде әр түрлі етістік түрінде кездесіп, бір нәрсені толық түсіну, парқына бару, бір нәрсенің ақиқатын білу және ақыл жүгірту деген мағыналарда қолданылған. Шәкәрімнің мұсылмандық шартында да осы *фиқһ* мәселелрі қозғалады. Шәкәрім бойынша бұл ілім 4 нәрсені қамтиды:

1. Ғибадат. Намаз, ораза, қажылық, садақа сияқты ғибадатқа байланысты үкімдер. Осы ғибадаттардың тәртіп-ережелерін, қалай орындалатынын, оны бұзып, бұзбайтын нәрселерді қарастырады.

2. Муғамалат (қарым-қатынас). Адамдардың араларындағы өсиет, мирас, сауда-саттық сияқты қарым-қатынастарын реттейтін үкімдер. Осы қарым-қатынастардың қалай жүзеге асырылуын және тараптардың құқығын қарастырады.

3. Мунакахат. Отбасына байланысты құқықтар. Некенің шарттары және жауапкершілігі, үйленгеннен кейінгі екі жақтың міндеттері,

сонымен қатар ажырасудың тәртіптері қолға алынады.

4. Уқубат. Қылмыскердің істеген қылмыстарын және осы қылмыс үшін берілген жазаларды қамтитын үкімдер. Бұл бөлімде қылмыстың түрлері мен дәрежелері және қылмыскердің жағдайы, оған берілетін тиісті жаза, сондай-ақ жазаның түрлері мен іске асыру жолдары қарастырылады.

1-кесте

Діни атаулар	Олардың ұғымы және түсінігі
<i>Алла</i>	Он сегіз ғаламды жаратушы ие
<i>Азан</i>	Намазға шақыру
<i>Арам (харам)</i>	Шариғат тыйым салған нәрселер
<i>Астапыралда!</i>	«Кешір Құдай» деп аударылады, Шошу, таң қалуды білдіреді
<i>Аят</i>	Құран сүрелеріндегі ең қысқа үзінді
<i>Әулие</i>	Таза жүрек, көркем мінез-құлық иесі, Алланың досы
<i>Әлімсақ</i>	Дүниеге адам болып келгендегі фатри Иманын бұзбай құлшылық кылып күнөдан таза болып, Алланың бұйрығына мойынсұнуға берілген уәденің аты.
<i>Бейіс</i>	Жұмақ, жәннат сөзінің синонимі. Алланың ақ жолымен жүрген жандардың о дүниедегі орны.
<i>Ғайбат</i>	Адамның сыртынан айтылатын жаман сөз, осек
<i>Ғибадат</i>	Құдайға құлшылық
<i>Ғибрат</i>	Үлгі, өнеге мағынасында
<i>Ғұсыл</i>	Бүкіл денені шариғат шарттарына сәйкес жуу
<i>Дін</i>	Алланың өмірімен білдірілген атқарылуға тиіс немесе тыйым салынған іс-әрекеттердің жиынтығы
<i>Дозақ (тозақ)</i>	О дүниеге барғанда адамның тіршіліктегі күнәсі үшін жазалайтын, азаптайтын орын
<i>Жүрек</i>	Ақиқатты ұғынып, түсінетін, иман мен тақуалықты сақтайтын дене мүшесі
<i>Зекет</i>	Қарып-қасірге үлестірілетін мал
<i>Зікір</i>	Құдай атын мадақтау, пәктеу, еске алу
<i>Иман</i>	Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, онан басқа Алла жоқтығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ықыласпен нану
<i>Кәпір</i>	Алланы мойындамаған адасушы адам
<i>Керемет</i>	Әулиелерге тән ғажап іс
<i>Мекке</i>	Мұсылмандардың қасиетті қаласы. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.ғ.с) отаны. Арабтардың ежелгі мәдени орталығы.
<i>Мешіт</i>	Мұсылмандардың Құдайға құлшылық етуіне арналып салынған дін үйі.
<i>Молда</i>	Мұсылман дәстүр, жөн-жосығының білгірі, дін қызметкері
<i>Сәжде</i>	Иліп құлшылық ету, етпеттей құлау деген мағынаны білдіреді.

Қияс сөздікте бір нәрсені басқа бір нәрсемен өлшеу, салыстыру мағынасын білдіреді. Терминдік мағынасы болса «аят пен хадисте үкімдері болмаған бір мәселені ерекшеліктері

ортақ, шариғи үкімі белгілі басқа мәселемен салыстырып, арнайы шарттар арқылы соның үкімін үкімі белгісізге беру» – дегенді білдіреді. Истихсанның сөздік мағынасы бір нәрсені ұнату,

жақсы деп есептеу. Фикһ усулінің термині ретінде былай анықтама беріледі: Истиксан – мүжтахидтің бір мәселеде оның ұқсастарының үкімінен бас тар- туды керек қылған насс (аят-хадис), ижма, зарурет (мұқтаждық), жасырын қияс, әдет-ғұрып немесе маслахат сияқты бір дәлелге сүйеніп ол үкімді тастап, басқа бір үкім беруі.

Истиксаб Сөздікте «сұхбат жасау немесе сұхбатты жалғастыру» деген мағынаны білдіреді. Фикһ усулі термині ретінде истисхаб: өткен шақта орын алған бір жағдайдың өзгергеніне байланысты дәлелі болмаса, қазірде де дәл солай екендігіне үкім беру мағынасына келеді. Бір мәселеде кітап, сүннет, ижма немесе қияс дәлелдерінде арнайы бір үкім болмаған кезде мүжтахид «истисхаб» жолымен шешім шығара алады.

Ижма. Бұл да негізгі дәлелдердің бірі. Қандайда бір ғасырдағы мүжтахидтердің бір үкімге байланысты пікір бірлігіне баруы.

Сонымен қатар тағы да басқа көптеген ерекшеліктерді Шәкәрім тілінен аңғаруға болады.

Қорытынды

Шәкәрім Құдайбердіұлы – қазақ әдебиетіне ерекше үнмен, өзіндік өрнегімен жаңалық әкелгендер болып саналады. Өз заманының шеңберінен шығып қазақ әдебиетінің ой кеңістігінде парықты парасатнеи өз қолтаңбасын қалдырды. Ақын өзін толғандырған, тебіренген жайларды ғана жазуды саналы түрде мақсат еткен. Оның адам, адамгершілік туралы толғаныс өлеңдеріндегі идея–қазықдіни түсініктермен біте қайнасты. Сопылық дүниетаным ақындардың ойлау жүйесінде ғана емес, ол қолданылған сөздік қорда да белең алып, философиялық терминдер дәрежесін қабылдаған.

Жұмыс нәтижесі ақындардың діни ой танымын білдіруге қызмет еткен терминдердің бірқыдыруының астарындағы ойды анықтады.

Ертеректе араб-парсы тілінен еніп, тілімізде орныққан діни терминдердің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық ерекшеліктері сипатталды.

Шәкәрім дінді жалаң уағыздаушы, салғырт жырлаушы болып қалған жоқ. Ол Шығыс шайырлары желісін үзбей келген ізгілік ілімін, Исламның ішкі мазмұнын бізге жеткізуге тыры-

сып баққан «анық асық әулие». Осы орайда оның араб, парсы тілінен енген діни терминдерді де қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына бағындыра отырып, кеңінен ұтымдылықпен пайдалана білуі қаламгердің өзіне тән ерекшелігін байқатады.

Қазақ қауымының ғана емес, жалпы адамзат баласының рухани қазынасы үшін осындай өлмес өсиет қалдырған ақындар бабамыздың асыл мағыналы сөздері жылдар өткен сайын жаңғыра түспек.

Олар өздігінен ақын, ойшыл, қаламгер болып туа қалған жоқ. Олардың алдында сонау түркі дәуірінен бері қарай көш түзеген ұлттық әдебиеттің терең шежіресіндегі қатпар-қатпар әдеби-көркем дәстүрлерге бай белес-белес кезеңдер тұрды. Осы ақындардың негізгі нәр алған бастаулары да, ұлағатты ұстаздары да – осы дәстүрлер болды.

Шәкәрім шығармашылығының арнасының кеңдігі соншалық, бүгінгі қазақ әдебиетінде өзіндік жеке шәкәрімтану іргетасын қалады.

Шәкәрім шығармашылығы бойынша тек әдеби жағынан ғана емес, пәлсапалық, педагогикалық, психологиялық, тілдік жағынан қарастырылып, зерттелген түрлі еңбектер қазақ ғылымының ернеуін кеңейтті.

Жиырмамыншы ғасырдың жиырмамыншы жылдарында басталған зерделеу қадамдары араға талай жылдар салып, тек ақын ақталғаннан соң ғана, яғни 1988 жылдан бері қарай зерттелу айналымына айналды.

Шәкәрім ақын өзінше даралық стильмен келіп, күтпеген өзіндік тың қолданыстар пайдаланғанын байқауға болады. Шәкәрімде *жар – хақиқат, жан – нәпсі, шатақ – иман, дін – қиянат* тәрізді мысалдар ақынның бейнелік күштілігінің, көркемдік тың ізденістерінің нәтижесі. Шәкәрімнің көркем тіл кестесіндегі ерекшелігінің бірі – авторлық даралық стиль қолданыстары. Мысалы, ақиқатты тану үшін қажетті ұғым ретінде танымдық ұғымды Абай жүректің көзі десе, Шәкәрім көңілдің көзі деп өзінше метафоралық қолданыспен келеді. Сол сияқты балалық, *«тазалықты – жүректің ақ нұры сөну, ақылды – өлшеусіз жарық нұр, өкінішті – жүрегін өрт шалу, қуанышты – көңіліне гүлдің нұры орнау, ойқұмарлықты – ақылдың шолғыншысы, туу, өлуді – тағдырдың шын қазасы»* деп қазақ көркем тіліндегі ақын ерекшелігінің көрінісі деп айтуға болады.

Әдебиеттер

- Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 80 б.
Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы: Жазушы, 2000. – 216 б.
Шәкәрім. Ғылыми-педагогикалық журнал. – Семей: СМПИ, Шәкәрімтану ғылыми зерттеу орталығы. – 1 (05) 2007. – 134 б.
Маралбек А. Хақиқаттың шын нұры // Шәкәрім. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 321 б.
Қорғанбаев Ф. Ш. Құдайбердіұлының діни дүниетанымы. Монография.
Барласұлы Т. Сөз атасы – ертегі, Құраннан сыр шертеді // Қазақ әдебиеті. – 29.09.2000. – №39. – 4-5 б.
Исламдық терминдер сөздігі / Құраст.: М.Исахан, М.Мұслимов, С.Көкенай, Б.Сыдықов. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 60 б.
Рүстемов Л.З. Сөз туралы сөз. Алматы: Рауан, 1991. – 208 б.
Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар / Құраст. М.Мағауин. – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.

References

- Ábdigaziuly B. (2000). Shákárim shygarmashylygynyń dástúrlík jáne kórkemdik negizderi. [Traditional and artistic basis of Shakarim's creativity.] Almaty: jazýshy, 216 b. (In Kazakh)
Barlasuly T. (2000). Sóz atasy – ertegi, Qurannan syr shertedi. [His father is a fairy tale, and he talks about the Koran.] Qazaq ádebieti. No 39. Almaty, 4-5 b. (In Kazakh)
Qorǵanbaev F. monografia Sh.Qudaiberdiulynyń dini dúnietanymy. [Religious worldview of Sh.Kudaiberdiyev.] (In Kazakh)
Qudaiberdiuly Sh. (1993). Musylmandyq sharty. [Muslim conditions.] Almaty: Qazaqstan, 80 b. (In Kazakh)
Qudaiberdiuly Sh. (2007). Ǵylymi-pedagogikalyq jýrnal. [Scientific and pedagogical magazine]. Semei: SMPI, Shákarimtaný gylymi zertteý ortalygy. No 1 (05). 134 b. (In Kazakh)
Qudaiberdiuly Sh. (1988). Shákarim shyǵarmalary. [Works of the Shakarim.] Almaty: jazýshy, 560 b. (In Kazakh)
Qudaiberdiuly Sh. (1988). Jolsyz jaza: Óleńder men poemalar. [Punish punishment: song`s and poems.] Almaty: Jalyn, 256 b. (In Kazakh)
Maralbek A. (2000). Haqiqattyń shyn nury. [The true light of truth.] Almaty: Arys, 321 b. (In Kazakh)
Rústemov L. (1991). Sóz týraly sóz. [Word about the word.] Almaty: Raýan, 208 b. (In Kazakh)
Isahan M., Mýslimov M., Kókenai S., Sydyqov B. (2015). Islamdyq terminder sózdigi. [Dictionary of Islamic Terms.] Astana: Din máseleleri jónindegi ǵylymi-zertteý jáne taldaý ortalyǵy, 60 b. (In Kazakh)